ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 16 қазан №7119-25-00-2/10896 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Хасанова,

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Қайсар" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"Fiber Telecom" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

"Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Қайсар" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - тапсырыс беруші) мен «Fiber Telecom» ЖШС (бұдан әрі өнім беруші) арасында 2025 жылғы 31 шілде №85 жалпы сомасы 3 458 969 теңге интернетке қолжеткізу бойынша қызметтер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - шарт) жасалды.

Шарттың талаптарына сәйкес өнім беруші келісім шартқа қол қойылған күннен бастап 2025 жылдың 31 желтоқсан айына дейін қызмет көрсетуді міндеттенген.

2025 жылғы 16 қазанда тапсырыс беруші өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамағанына байланысты біржақты бұзды.

Осыған байланысты, талап қоюшы соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 8-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3)тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды,

Құжатқа қол қойылған: Хасанова Э. Е., 04.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.12.2025, судья Хасанова Э. Е., 12.12.2025

өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

АПК-нің 267-3-бабының 6 және 7-тармақшаларында көрсетілгендей ссы Кодекстің 267-1-бабының екінші бөлігінде белгіленген мерзімдер сақталған кезде сот осы Кодекстің 267-1-бабы үшінші бөлігінің 5) және 6) тармақшаларында көзделген жекелеген процестік әрекеттерді жүргізуге құқылы. Жекелеген процестік әрекеттер жүргізілгеннен кейін оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізуді одан әрі жүзеге асыру қосымша ұйғарымдар шығарылмастан жалғасады. Сот тараптар ұсынған құжаттарда жазылған түсініктемелерді, қарсылықтарды және (немесе) дәлелдемелерді зерттейді және шешім қабылдайды.

Жауапкерден түскен қарсы пікірде талап қоюмен келіспейтіндігін, интернет-қызметтерді екі мекен-жайына, соның ішінде Қызылорда қаласы, Ғ. Муратбаев көшесінде жұмыстар ағымдағы жылдың 18 тамызда аяқталғанын, ал Желтоқсан көшесі, 162 бойынша 2025 дылдың 12 тамызда орындалғанын көрсетті, алайда уәждерін растайтын құжаттар (орындалған жұмыстардың қабылдау актісі) мен басқа дәлелдер ұсынылған жоқ.

Тараптар арасында жасалған шарттың 1 қосымшасына, яғни техникалық ерекшелікке сай қызметтердің көрсету кезеңі кезеңі шартқа қол қойылған күннен бастап жылдың соңына дейін деп анықталған.

Алайда, шартқа қол қойылғаннан бастап алған міндеттемелерді сәйкесінше орындамаған үшін тапсырыс беруші өнім берушімен шартты біржақты бұзды, оны жауапкер дауламады.

Сот ісіне жалғанған құжаттармен бұл расталды.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте шарттың елеулі ережелерін реттейтін Заңның нормаларын басшылыққа алады.

Сонымен қатар, тапсырыс беруші Заңда көрсетілген мерзімдерде сотқа әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюға міндетті.

Аталған істі қарау барысында өнім берушінің шартты орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сот шығындары АПК-нің 117-бабында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою қанағаттандырылсын.

"Fiber Telecom" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Хасанова Э. Е., 04.11.2025
Заңды күшіне енген күні: 12.12.2025, судья Хасанова Э. Е., 12.12.2025
7119-25-3-1/10823

"Fiber Telecom" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья Хасанова Э.Е.

Құжатқа қол қойылған: Хасанова Э. Е., 04.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.12.2025, судья Хасанова Э. Е., 12.12.2025